

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл / 30 лет независимости Республики Казахстан

ЕЛІМІЗДІ ТЕРБЕТКЕН – ТӘУЕЛСІЗДІК



Отыз жыл – тәуелсіздік елімізді тербеткеніне, халқымыз тыныштық пен қуанышта өмір сүріп келе жатқанымызға отыз жыл.. Отыз жыл ішінде еліміз өз шекарасы берік қылып, өз басына зайырлы ел болды. Бұл ертеден

келе жатқан халықтың мерекесі. Отыз жылдыққа жету үшін, қаншама қиын сәттерді бастан кешіп, ел адамдары мен азаматшаларынан айырылып қалдық. Желтоқсанның сол бір ызғарлы желі барлығын сан соқтырып, қаншама қызғалдақтарымыз қор болды, Сол жастардың жалынды рухтары мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық. Сол кездегі бірлік пен ұлтқа деген патриоттық сезімнің арқасында біршама тұғыры биік елге айналып отырмыз.

Жоғары кеңес 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылдады. Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Бүгінгі таңда еліміз тәуелсіздігін

жариялап, дербес ел ретінде барша әлемге танылды. Тәуелсіздік ала салысымен біршама жетістіктерге жетіп, еліміздің көптеген мәселері шешілді. Семей полигоны жабылып, арал теңізіміздің мәселесі шешілді, ата-бабамыздың мұрасы ана-тіліміз қайта жаңғыра бастады. Бұлардан басқа да мақтанарлық жағдайлар көп. Біз - егемен мемлекетте бейбітшілік пен келісімде, өзара сенімде азат өмір сүрудеміз. Иә, ендігі күні біздің мәңгілік ел екенімізді бүкіл әлем мойындады. Біз тәуелсіздік алғанша тар жол тайғақ кешіп, қиыншылықтар көрдік.

Қазіргі таңда, көңілі кең, дархан, қонақжай, «қазақ» деген халықпыз. Мемлекетіміз ірге тасын берік қалаған, тұрмысы бауқатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеніне сеніммен қарай білетін, дербес те тәуелсіз елміз. Тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай - еліміздің одан әрі дамып, көркейуі, өркендеуі жастардың қолында. Яғни, болашақ жастардың қолында, бүлдіршіндерімізді оңды жолда тәрбиелеп, оларға Отанға деген сүйіспеншіліктерін оятып, ел алдындағы мақтаныштары мен бетке ұстар азамат пен азаматшалары болу керектігін айтып тәрбиелеу.

Тәрбие бар жерде – барлығы жүреді. Жастарға осы тәуелсіздігіміз қалай келгенін ұмытпай, дәріптеп, олардың кімдердің арқасында осылай жайлы рақат өмір сүріп жүргендерін айтып отыру.

Қазақстан Тәуелсіздігімен қатар өз байлықтарымен мақтана алады. Мемлекетіміздің әр облысында-мақтанышпен айта алатын өнімдер бар. Астық, бидай, мақта, аппақ моншақтай күріш, мұнай, барлығы біздің тәуелсіз елімізде өндірілініп алынады.

Осы - байлықтарымыз, тыныштығымыз, мақтаныштарымыз ешқашан сөнбесін. Тұғыры берік, босағасы берік мемлекеттердің қанатарында тек биіктен көріне берейік. Ата-бабаларымыздың, аға-әпкелеріміздің қанымен келген, ерлігімен келген, Отанға деген сүйіспеншілігімен келген еркін, азат өміріміздің қадыр-қасиетін жоғалтпай, көк аспанда көк байрағымыз желбірей берсін. Тәуелсіздік бесігі-тербеле берсін. Жаса, Қазақстан!

*«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №17 бөбежай-бақша» тәрбиешісі
Асель Мукашева*

Мүғалім не оқиды? / Что читает учитель?

Я ПРОСТО ЛЮБЛЮ ЧИТАТЬ...



Чтение книг – это важная составляющая моей жизни и профессиональной, и личной. С самого раннего детства меня привлекали библиотечные стеллажи с книгами, на страницах которых мне открывались удивительные миры, созданные ав-

своей специальности – учитель русского языка и литературы – за годы обучения в институте и послевузовской профессиональной деятельности мне довелось прочитать множество книг. Расскажу о тех, которые достигли глубины души моей, которые заставляют себя перечитывать снова и снова.

-Через столько лет?
- Всегда!



Каждый, кто читал книги о юном волшебнике Гарри Поттере знает истинный смысл этого небольшого диалога. Да-да! Первым в списке моих книг-фаворитов стоит имен-

но серия книг о Гарри Поттере, созданная английской писательницей Джоан Роулинг. Это удивительная история о дружбе, преданности, честности, самоотверженности, любви и, конечно же, о волшебстве. Я